

Key words: pre-trial investigation, constitutional rights, accusatory bias, law enforcement agencies, police investigation.

References

- 1 Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy. 2020 jylǵy 1 qyrkúiek. <https://egemen.kz/article/246495-memleket-basshysy-1-qyrkuyekte-qazaqstan-khalqyna-zholdauyn-dgariyalaydy>
- 2 Kozýbenko Iý.V. Ýgolovnoe presledovanie kak element mehanizma ýgolovno-pravovogo regýlrovaniia. Gosýdarstvo i pravo. 2008, № 2, s. 108-113.
- 3 Larin A.M. Rassledovanie po ýgolovnomý delý: protsessýalnye fýnktsii. M., 1986. S.25.
- 4 Smirnov A.V. Deformalizatsiia ýgolovno presledovaniia - glavnaia zadacha reformy ýgolovno sýdoproizvodstva // Obvinenie i zaita po ýgolovnym delam: istoricheskii opyt i sovremennost. - SPb. :Iýrid. tsentr, 2015. - S. 80-88
- 5 Rýnovskii A.V. Differentsiatsiia ýgolovno-protsessýalnih form dosýdebnogo proizvodstva po delam pýblichnogo obvineniia: Dis... kand. iýrid. naýk. M., 2012. – 240 s.
- 6 Golovko L.V. Perspektivy reformirovaniia organov, osýestvliiaýih obespechenie bezopasnosti i borby s prestýpnostiý v Respýblike Kazahstan Vestnik prava Respýblikı Kazahstan. – 2010 - S. 38-43
- 7 Ahpanov A.N., Týkiev A.S., Kaziev Z.G. Ýgolovnoe dosýdebnoe proizvodstvo v RK: trend institýtsionalnih preobrazovaniı. Rejim dostýpa: <https://www.zakon.kz/4863385-ugolovnoe-dosudebnoe-proizvodstvo-v-rk.html>

Information about authors:

Renat Shaikhadenov, PhD, Associate Professor of Department of criminal law disciplines, Kh.DosmukhamedovAtyrau University, Atyrau, Kazakhstan, E-mail: r.shaikhadenov@asu.edu.kz

DOI 10.47649/vau.2020.v58.i3.18

FTAMP 10.15.23

ӨОЖ 342.41 (574)

В.К.Наурызова¹, У.Ж.Кайрова¹

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
veneran8282@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ: БІРЛІК, ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕУ

Мақала барысында Ата заңымыздың даму тарихы мен даму жолындағы конституциялық құндылықтың мәртебесі, заң үстемдігі зерттелген. Конституциялық реформа негіздері анықталған. Мемлекеттің саяси жүйесі конституциямызда нақты жазылған. Сонымен бірге бұл заң алғаш рет саяси жүйенің өзегі - президенттік жүйені сипаттайды. Бүгінде біздің Конституция мен заңдар шығармашылық пен кәсіпкерлікті ынталандыруға мүмкіндік береді деп айта аламыз. Бұл норма негізгі мақсаты, конституциялық заңдармен реттелуі тиіс қоғамдық қатынастар аясын, заңдарды, Президент Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін анықтайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясының еліміздің Негізгі құжаты ретінде алатын орны мен маңыздылығына, ерекшеліктеріне назар аудару керек екендігі айтылған. Сонымен қатар, Конституциямыздың қабылдануы, оның жеткен жетістіктері, Қазақстан елінің құқықтық мемлекет екендігін дәлелдейтін іс-шаралар баяндалып отыр. Жаңа Конституцияның жобасы бүкілхалықтық талқылау үшін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін-ақ, шын мәнісінде оның жұмысына бүкіл ел кірісті деп айтуға болады.

Жоғары заңдық күш пен тұрақтылыққа ие, азаматтардың, азаматтық қоғам институттарының, мемлекеттік ұйымдар мен мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесі саласындағы негізгі әлеуметтік қатынастарды нығайтып, реттейтін Республика Конституциясы конституциялық дамудың жаңа кезеңінің бастамашысы екеніне сенімдімін.

Негізгі сөздері: конституция, Елбасы, құқық, құқықтық мемлекет, құқықтық реформа, билік, мемлекеттік реттеу.

«Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [1] - деп жазылған Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабында, мемлекетіміздің құрылымы, мемлекетті жандандыруға, жаңа әділетті қоғам құруға ұмтылған көптеген ұрпақтардың тарихи дәйектілігінің тереңдігі шоғырланған. Мемлекет тек қана аймақ, азаматтардың шоғырланған жері, билік институттары ғана емес, Конституция, ол алдыңғы ұрпақтың тәжірибесі мен болашаққа деген үміті. Экономиканың, саясаттың, халықтың ақыл-ойының түбегейлі өзгеруі соншалықты жылдам орындалды, жаңа Конституцияны қабылдау қажеттілігі түсінікті болды.

25 жыл тарихы бар Конституцияның заңды сипатын ерекше атап өтсек, Конституция референдум алдында жобаның кең талқылануы болды, оның барысында азаматтар 30 мыңға жуық ұсыныс жасады. Референдумға қатысқандардың шамамен 90 пайызы, бұл оған қатысуға құқығы бар жеті миллионнан астам азамат жаңа Заңды қабылдау туралы айтқан. Сондықтан, оның авторы - Қазақстан халқы деуге болады. Конституциялық құрылыстың осы сатысында өзіне қойған міндеттер өте күрделі, әртүрлі және жауапты болды. Біріншіден, жаңадан қалыптасқан мемлекеттіліктің, мемлекеттік биліктің және үкімет жүйесінің барлық мүмкіншіліктерін нығайту қажет болды. Екіншіден, экономиканы түбегейлі реформалаудың өзекті мәселелерін шешу, оны ең терең дағдарыстан шығару. Үшіншіден, сыртқы саясат құру. Төртіншіден, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету. Ақыр соңында өркениетті әлемде қабылданған азаматтардың азаматтық құқықтары мен бостандықтарын құруға, демократиялық институттарды дамытуға байланысты бірқатар міндеттерді шешу қажет болды.

Конституцияға дауыс берген Қазақстан халқы осы уақытқа дейін қалыптасқан үкіметтің президенттік формасын анықтап берді. Бұл таңдау кездейсоқ емес. Ол бұрынғы тарих пен қазіргі шындыққа, кез-келген әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа немесе биліктің түрлі салалары арасындағы келіспеушіліктерге байланысты ешқандай ауытқуларға ұшырамайтын күшті және шоғырландырылған билік жүйесін қажет етеді. Президенттің басқару формасы шеңберінде мемлекет басшысының мәртебесі оған «жағдайдан жоғары» болуына мүмкіндік береді және Қазақстандағы мемлекеттік органдардың үйлесімді қызмет істеуін қамтамасыз етеді, қоғамның табысты және қайтарымсыз реформасы үшін ең қолайлы алғышарттар жасайды. Бұдан басқа, көпұлтты және көпконфессиялы қоғам үшін күшті әлеуметтік айырмашылықтар бар, Президент азаматтық бейбітшілік, әлеуметтік тұрақтылық пен этносаралық келісімнің кепілі. Бұл сондай-ақ, оны негіздеген адамдарға биліктің жауапкершілігін арттырудың тиімді құралы болып табылады.

1995 жылы қабылданған Конституциямыз Қазақстанда реформаны жүргізудің аса қуатты серпіні болғанын мақтанышпен айтуға болады. Көп жағдайда оның ережелерінің арқасында, аздаған мерзімдердің ішінде ғана жас мемлекеттің экономикасы мен саясатында, ұлтаралық тұрақтылықты аса үлкен жағымды нәтижелерге жеттік. Қолданымдағы Конституцияны қызмет ете бастағанда Қазақстандағы экономикалық реформаны жүргізуге «даңғыл жол» ашылды. Дәлірек айтқанда, Жоғарғы Кеңестің орнына, заң шығару билігін жүзеге асырушы орган Парламент келді.

Біздің халқымыз және елбасымыз мемлекеттік билікті заңнамалық, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлудің қиын конституциялық міндетін шеше алды. Бір жағынан олардың тығыз ынтымақтастығын, екінші жағынан өзара тежелуді, Конституция мен заңдарда белгіленген бір-бірінің құзыретіне араласуға жол бермеуді қамтамасыз ету үшін механизм құрылды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы - мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізі, қазіргі (салалық) заңнаманы дамытудың негізі. Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын қабылдауы бойынша түрлі мемлекеттік органдардың құзыретін белгілейді. Бұл норма негізгі мақсаты, конституциялық заңдармен реттелуі тиіс қоғамдық қатынастар аясын, заңдарды, Президент Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін анықтайды.

1995 жылғы Конституция экономикалық реформаларға жаңа серпін берді, нарықтық қатынастардың талаптарына сәйкес келетін және жауапты болатын Үкіметтің қызметі үшін заңнамалық база мен заң шығару саласын құрды. Осылайша, Конституция мемлекеттік және жеке меншіктің тең қорғалуына кепілдік береді. Бүгінгі күні біздің Конституция мен заңдар шығармашылық күш-жігерді жандандыруға және кәсіпкерлік бастаманы ынталандыруға мүмкіндік береді деп айтуға болады[2, 57 б.].

Жаңа Конституция азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын нақты анықтайды және шын мәнінде кепілдік береді. Адамның құндылықтары, оның құқықтары мен бостандықтары туралы ереженің негізгі заңында әрбір азаматты қорғауға деген ұмтылыс туындайды. Конституциямыздың қабылдануы қазір қоғамды одан әрі демократияландыру үшін кеңістік ашады, азаматтардың қызметін іске асыру үшін барлық жағдайлар қамтамасыз ететін сапалық, жаңа құқықтық ортаны қалыптастырды. Еліміздің Ата заңының 13 бабының 1 тармағына сәйкес, мынадай норманы көреміз: «Әркімнің құқық субъектісі ретінде табылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы» [3, 106 б.]. Бұл дегеніміз, қоғамда кез келген тұлға өз құқығының қорғалатынына, еркін жүріп-тұра алатынына сенімді және оған Негізгі заңымыз кепілдік береді.

Экономикалық еркіндік, идеологиялық және саяси әралуандылық, заң алдындағы теңдік Қазақстанның құқықтық дамуының негізгі басымдықтары болып табылады. Сонымен қатар, Конституция әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзуға бағытталған іс-әрекеттерді тыйым арқылы демократиялық институттар үшін теріс деп жариялайды.

Қазіргі Қазақстан тұрақты саясат және болашаққа арналған жеңіске жету жоспары бар тәуелсіз, демократиялық мемлекет. Бүгінде Қазақстан өзінің құқықтары мен мақсаттарын батылдықпен жариялайды. Біздің еліміздің Президенті шынымен дана, адал, лайықты, ілтипатты, жауапты тұлға, саясаткер, дипломат, стратег және шынайы патриот. Оның арқасында біз тұрақтылық пен өркендеуге қол жеткіздік.

Конституциямызда мемлекеттің саяси жүйесі нақты көрсетілген. Сонымен қатар, осы заңда алғаш рет саяси жүйенің негізгі тұғыры – президенттік басқару жүйесі де баяндалған. Еліміз президенттік басқару нысанындағы мемлекет болып табылады. Президентіміз еліміздің ішкі және сыртқы саясаттарын анықтайды, мемлекеттік биліктің тармақтарының келісіп, қызмет етуін және олардың халық

алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Президент, парламент, үкімет, сот жүйелерінің қызметтерімен бірдей қатынаста болады. Олардың жұмыстарын үйлестіріп, мемлекеттік биліктің дұрыс қызмет етуінің кепілі болып танылады.

Ел басымыздың Конституциямызда көрсетілген міндеттерін жемісті орындап отырғаны айдан анық. Мемлекетімізде саяси тұрақтылық пен қоғамдық татулық орын алып, экономикалық деңгейдің ілгерілеуге, еліміздің өнеркәсібін жандандыруға шетел инвестицияларын көптеп тартуға, шикізатты, жер асты байлықтарын игеріп, экономиканы аяққа тұрғызуға пайдалануға, шетелдермен жақсы қарым-қатынастар орнатуға, ұлттардың татулығын қамтамасыз етуге, еліміздің мәдени және рухани құндылықтарын сақтап, қорғанысын дамытуға күш салуға және басқа сан-салалы қызметтердің орындалуына үлес қосқанын айта кетуге болады. Президентіміз халыққа өз Жолдауларын жариялай отырып, елдің дамуының басты бағыттарын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Президенті - Конституцияның кепілі. Конституция - кез келген заманауи дерлік мемлекеттің негізгі заңы, сондай-ақ ертеңгі күннің кепілі. Алғашқы мақаласында Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екендігі айтылып келеді. «Қазақстан Республикасының Конституциясының кепілі ретінде мен оның ережелерін қатаң орындауды талап етемін», - дейді еліміздің көшбасшысы.

Конституция кепілгерінің басты функциясын мемлекет басшысының айрықша орны ретінде атап өтуге болады. Конституцияға кепілдік беру үшін Президент барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, азаматтар және олардың бірлестіктері тарапынан оның нормаларын сақтауды талап етеді. Мемлекет басшысын Конституцияның кепілі ретінде тағайындау азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының егемендігін қорғау, оның тәуелсіздігі мен мемлекеттік тұтастығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдау болып табылады. Конституцияның кепілі ретінде Президент Конституцияны қорғау механизмінің тиімділігіне жеке жауапты. Конституцияны кепілдендіріп, президент өзі оны қатаң сақтап, көшбасшысы болуы керек [4, 130-138 бб.].

Мемлекеттік органдардың құрылымы мен функциялары заңдылықтарын, Конституцияның құрылысын білу әрбір адам үшін маңызды. Адамды тәуелсіз өмірге дайындау, мұның бәрін білу, мемлекеттік және қоғамдық өмірге белсенді қатысушыларды қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін билік азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін жариялайды, сонымен қатар жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын пайдалану, қорғау жолдары мен тәсілдерін көрсетеді, республиканың заңдылықтарын зерделейді. Әрине, мемлекет, оның органдары, лауазымды тұлғалар халықтың игілігі үшін жұмыс істеуге, азаматтарға олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен пайдалануына көмектесуге тиіс. Осы мақсатта арнайы құқық қорғау органдары - сот, прокуратура, құқық қорғау органдары құрылды. Азаматтарға кең құқықтар мен бостандықтар беріледі, сонымен бірге оларда үлкен жауапкершілік бар. Олар Конституцияны, мемлекеттің заңдарын сақтауға тиіс.

Конституциямызда екі палаталы тұрақты қызмет істейтін Парламентті заңдастырылды. Парламент - ол республиканың заң шығарушы ең жоғарғы өкілетті органы болып табылады. Парламент өз алдына жұмысын саясаттандыруға бейімдемей, экономикалық және саяси реформаны елімізде жеделдетуге қажетті заңдарды қабылдауды алдына мақсат етіп қойды. Конституцияда Парламент депутаттарының құқықтары мен міндеттері айқын көрсетілген. Осы құқықтарға ие бола отырып, әрбір депутаттың жауапты жұмыс

жасауына толық негіз бар. Парламент Президенттің ұсынысы негізінде Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізеді, республикалық бюджетті бекітіп, оның орындауын қадағалайды[5].

Біздің Конституциямыздың ең үлкен, сөзсіз жетістіктігі тіл мәселесін шешудегі ұлттық мүдделердің айшықты көптірлілігін мүлтіксіз қанағаттандыруында болып табылады.

Н.Ә.Назарбаев: «Мен ақиқатты Конституцияда бояп көрсетудің қажеті жоқ, ол Негізгі Заңның маңызын құнсыздандыруға апарып соғады,оны бар-жоғы қайтадан жылтырақ бос сөзге айналдырады деп есептедім және осы ойымды жұмыс тобының мүшелеріне ашық айттым. Барлық конституциялық құқықтардың шынайы болуы, конституциялық нормалардың тікелей қолданылуы үшін қажетті нәрселерді жасау керек болды...» дейді[6, 43 бет].

Конституцияны шынайы етеін тағы бір маңызды тетік - оның тікелей әсерінде, былайша айтқанда, заңға сәйкес келетін басқа актілердің болу-болмауына қарамастан туралай қолданыс күштерінің болуында еді. Бұл дүниежүзінде кең тараған және елдердің бәрі мойындаған тәжірибеге айналған. Конституцияның барлық ережелері бүгінде жұмыс істеп тұр және Қазақстан азаматтарының құқықтарын шынайы қорғауда. Жаңа Конституцияның жобасы бүкілхалықтық талқылау үшін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін-ақ, шын мәнісінде оның жұмысына бүкіл ел кірісті деп айтуға болады. Қазақстанның барлық түкпір-түкпірінен жобаға қатысты күнделікті түсіп отырған ұсыныстар бойынша мәліметтер топтамасы жасалынды. Күніне осындай ұсыныстардың бірнеше папкасы түскен. Сонымен бірге баспасөзде жарияланып жатқандарды да естен шығармау қажет болды.

Елдің негізгі заңы біз үшін басты құжат болып қала береді. Біздің жоғары мақсаттарға қол жеткізген прогресемізді реттеп, өз азаматтарының гүлденген және лайықты өмірі қамтамасыз етілген тәуелсіз, экономикалық дамыған және интеграцияланған мемлекет құру - біздің басты мақсатымыз болмақ... Ойымды қорытындылай келе, жеке адамның, азаматтық қоғам институттарының, мемлекеттік ұйымдардың және мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесі саласындағы негізгі әлеуметтік қатынастарды нығайтатын және реттейтін ең жоғары заңды күші мен тұрақтылығына ие Республика Конституциясы тәуелсіз, егемен Қазақстан мемлекетінің конституциялық дамуының жаңа кезеңінің бастамашысы екендігіне сенімдімін [7, 51 бет].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995.
- 2 Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы, Алматы Жеті Жарғы, 2013. 57 бет.
- 3 Абдулова Р.Б., Жағыпар Ж.Ж., Джанибекова А.М. Азаматтық құқықтарды қорғау жүйесіндегі өзін-өзі қорғауды анықтау мәселелері. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау МУ Хабаршысы. №2(49) маусым, 2018. 106 бет.
- 4 Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. «Қазіргі Қазақстан тарихы» Алматы «Раритет», 2010. 130-138 беттер.
- 5 Практикум по Конституционному контролю в РК 2016 г.
- 6 Кожобекова А.Д. Қазақстан Республикасының құқық негіздері. «Қыздар университеті» баспасы Алматы, 2015. 43 бет.
- 7 Амандықова С.Қ. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы Астана-2016. 51 бет.

КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЕДИНСТВО, УСТОЙЧИВОСТЬ И ПРОЦВЕТАНИЕ

В статье исследуется история развития Конституции и статус конституционных ценностей, верховенства закона. Определены основы конституционной реформы. Политическая система государства четко прописана в нашей конституции. В то же время в этом законе впервые описывается стержень политической системы - президентская система. Сегодня мы можем сказать, что наша Конституция и законы позволяют стимулировать творчество и предпринимательство. Данная норма определяет основную цель, объем общественных отношений, регулируемых конституционными законами, указами Президента, постановлениями государственных органов Республики Казахстан.

Следует обратить внимание на роль, значение и особенности Конституции Республики Казахстан как главного документа страны. Кроме того, рассказывается о принятии нашей Конституции, ее достижениях, мерах по доказательству того, что Казахстан является правовым государством. Как только проект новой Конституции был опубликован в СМИ для общественного обсуждения, можно сказать, что фактически вся страна начала свою работу. Все положения Конституции действуют сегодня и действительно защищают права граждан Казахстана.

Утверждается, что Конституция республики является инициатором нового этапа конституционного развития, которая имеет высокую юридическую силу и стабильность, укрепляет и регулирует основные общественные отношения в области правового положения граждан, институтов гражданского общества, государственных организаций и государственных органов.

Ключевые слова: конституция, президент, закон, законность, правовая реформа, власть, государственное регулирование.

CONSTITUTION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: UNITY, SUSTAINABILITY AND PROSPERITY

The article examines the history of the development of the Constitution and the status of constitutional values, the rule of law. The foundations of the constitutional reform have been determined. The political system of the state is clearly spelled out in our constitution. At the same time, this law for the first time describes the core of the political system - the presidential system. Today we can say that our Constitution and laws allow us to stimulate creativity and entrepreneurship. This norm defines the main purpose, the scope of public relations to be regulated by constitutional laws, laws, Presidential Decrees, regulations of government agencies of the Republic of Kazakhstan.

Attention should be paid to the role, meaning and features of the Constitution of the Republic of Kazakhstan as the main document of the country. In addition, it tells about the adoption of our Constitution, its achievements, measures to prove that Kazakhstan is a legal state. As soon as the draft of the new Constitution was published in the media for public discussion, it can be said that in fact the whole country began its work.

It is said that the Constitution of the Republic is the initiator of a new stage of constitutional development, which has a high legal force and stability, strengthens and regulates the basic social relations in the field of legal status of citizens, civil society institutions, state organizations and government agencies.

Keywords: constitution, president, law, legality, legal reform, power, state regulation

References

- 1 Qazaqstan Respýblikasynyń Konstitytsiasy. 30.08.1995.
- 2 Sapargaliev G.S. Qazaqstan Respýblikasynyń Konstitytsionalyq quqygy, Almaty Jeti Jarǵy, 2013. 57 bet.
- 3 Abdýlova R.B., Jaǵypar J.J., Djanıbekova A.M. Azamattyq quqyqtardy qorǵaý júresindegi ózın-ózi qorǵaýdy anyqtaý máseleleri. H.Dosmuhamedov atyndaǵy Atyraý MÝ Habarshysy. №2(49) maýsym, 2018. 106 bet.
- 4 Aıaǵan B.Ǵ., Ábjanov H.M., Mahat D.A. «Qazirgi Qazaqstan tarıhy» Almaty «Raritet», 2010. 130-138 better.
- 5 Praktıkym po Konstitytsionomy kontrolıy v RK 2016 g.
- 6 Kojabekova A.D. Qazaqstan Respýblikasynyń quqyq negizderi. «Qyzdar ýnıversiteti» baspasy Almaty, 2015. 43 bet.

7 Amandyqova S.Q. Qazaqstan Respýblikasynyń konstitýtsıalyq quqyǵy Astana-2016. 51 bet.

Information about the authors:

Venera Nauryzova, Master of Law, Senior Lecturer of Civil Law, Atyrau, Kazakhstan, E-mail: veneran8282@mail.ru

Umit Kairova, Lecturer, Department of Civil Law, Atyrau, Kazakhstan, E-mail: umita17@mail.ru